

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ валюталық
нарық жөніндегі Биржалық кеңес
Комитетінің шешімімен

(1999 жылдың 24 тамызындағы
№ 6 хаттама)

б е к і т і л д і

Шетел валютасының сауда-саттық қорытындылары бойынша есептесулерді жүзеге асыру **ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Алматы қ.

1999

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ валюталық нарық жөніндегі Биржалық кеңес Комитетінің шешімімен бекітілді (1999 жылдың 19 желтоқсанындағы № 12 хаттама);
- 1999 жылдың 20 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілді.

2. № 2 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ валюталық нарық жөніндегі Биржалық кеңес Комитетінің шешімімен бекітілді (2000 жылдың 25 қаңтарындағы № 1 хаттама);
- 2000 жылдың 26 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

3. № 3 толықтырулар мен өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілді (2002 жылдың 20 қыркүйегіндегі № 12 хаттама);
- 2002 жылдың 01 қазанынан бастап қолданысқа енгізілді.

4. № 4 толықтырулар мен өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілді (2002 жылдың 09 қазанындағы № 14 хаттама);
- 2002 жылдың 16 қазанынан бастап қолданысқа енгізілді.

5. № 5 толықтырулар мен өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілді (2003 жылдың 08 мамырындағы № 11 хаттама);
- 2003 жылдың 19 мамырынан бастап қолданысқа енгізілді.

6. № 6 өзгертулер:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен 2003 жылдың 18 қарашасында келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілді (2003 жылдың 22 қазанындағы № 25 хаттама);
- 2003 жылдың 01 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілді.

7. "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесі шешімімен (2004 жылдың 15 қаңтарындағы № 1 (з) хаттама) биржаның барлық ішкі құжаттарында "Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамы" деген сөздер "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы" деген сөздерге тиісті септіктерде ауыстырылды және "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ" қысқартылған атауы "Қазақстан қор биржасы" АҚ" деп ауыстырылды.

8. № 7 толықтыру:

- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын мен қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен 2004 жылдың 05 науырызда келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілді (2004 жылдың 06 ақпанындағы № 35 хаттама);
- 2004 жылдың 01 наурызынан бастап қолданысқа енгізілді.

9. № 8 өзгертулер мен толықтырулар:

- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын мен қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен 2004 жылдың 19 науырызда келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілді (2004 жылдың 10 наурызындағы № 6 хаттама);
- 2004 жылдың 23 наурызынан бастап қолданысқа енгізілді.

10. № 9 өзгерту:

- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын мен қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен 2004 жылдың 01 қыркүйегінде келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілді (2004 жылдың 10 тамызындағы № 27 (з) хаттама);
- 2004 жылдың 01 тамызынан бастап қолданысқа енгізілді.

11. № 10 өзгерту:

- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын мен қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен 2005 жылдың 14 наурызында келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілді (2005 жылдың 19 наурызындағы № 3 (з) хаттама);
- 2005 жылдың 19 наурызынан бастап қолданысқа енгізілді.

12. № 11 өзгертулер мен толықтырулар:

- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын мен қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен 2006 жылдың 18 қыркүйегінде келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілді (2006 жылдың 01 тамызындағы № 26 хаттама);
- 2006 жылдың 19 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілді.

13. № 12 толықтыру:

- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын мен қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен 2008 жылдың 27 тамызында келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілді (2008 жылдың 31 шілдесіндегі № 22 хаттама);
- 2008 жылдың 01 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

14. № 13 өзгерту мен толықтыру:

- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын мен қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен 2008 жылдың 04 қарашасында келісілді;
- Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілді (2008 жылдың 09 қазанындағы № 25 хаттама);
- 2008 жылдың 01 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілді.

15. № 14 өзгерту мен толықтыру:

- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын мен қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен 2009 жылдың 08 қазанында келісілді;
- Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілді (2009 жылдың 27 тамызындағы № 22 хаттама);
- 2009 жылдың 09 қазанынан бастап қолданысқа енгізілді.

16. № 15 өзгертулер:

- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын мен қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен 2010 жылдың 12 қаңтарында келісілді;
- Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілді (2009 жылдың 30 қарашасындағы № 30 (з) хаттама);
- 2010 жылдың 13 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

17. № 16 толықтыру мен өзгерту:

- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын мен қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен 2010 жылдың 08 ақпанында келісілді;
- Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілді (2009 жылдың 24 желтоқсанындағы № 33 хаттама);
- 2010 жылдың 09 ақпанынан бастап қолданысқа енгізілді.

18. № 17 өзгертулер мен толықтырулар:

- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын мен қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен 2010 жылдың 20 мамырында келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілді (2010 жылдың 29 сәуіріндегі № 8 хаттама);
- 2010 жылдың 07 маусымынан бастап қолданысқа енгізілді.

19. № 18 өзгертулер:

- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын мен қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен 2010 жылдың 24 тамызында келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілді (2010 жылдың 28 мамырындағы № 11 хаттама);
- 2010 жылдың 01 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілді.

20. № 19 өзгертулер:

- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын мен қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен 2010 жылдың 14 қазанында келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілді (2010 жылдың 23 қыркүйегіндегі № 21 хаттама);
- 2010 жылдың 18 қазанынан бастап қолданысқа енгізілді.

21. № 20 өзгертулер:

- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын мен қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен 2011 жылдың 02 желтоқсанында келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілді (2011 жылдың 27 қазанындағы № 28 хаттама);
- 2011 жылдың 28 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілді.

22. Изменение № 21:

- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын мен қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен 2012 жылдың 29 маусымында келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілді (2012 жылдың 28 мамырындағы № 10 хаттама);
- 2012 жылдың 02 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

23. Изменения и дополнения № 22:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен 2014 жылдың 05 наурызында келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілді (2014 жылдың 07 ақпанындағы № 3 хаттама);
- 2014 жылдың 27 наурызынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Ережелерде қолданылған түсініктер келесіні білдіреді:

- 1) **"банктік шот"** – сауда-саттыққа қатысушының қазақстандық теңгедегі банктік шоты, бұл шот осы сауда-саттыққа қатысушысының нетто-талаптарын төлеу үшін Биржадан түсетін ақшаны аудару мақсатында қолданылады;
- 2) **"Биржа"** – "Қазақстан қор биржасы" АҚ *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*;
- 2-1) **"Комитет"** – Шетел валюталары нарығы жөніндегі комитет, оны құру және оның жұмыс тәртібі, сондай-ақ қызметі мен өкілеттілігі Шетел валюталары нарығы жөніндегі комитет туралы Қағидасында анықталған *(осы тармақша Биржалық Биржалық кеңестің 2009 жылдың 24 желтоқсанындағы шешімімен енгізілген)*;
- 3) **"Ұлттық Банк"** – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі;
- 4) **"сауда-саттыққа қатысушыларының нетто-міндеттемесі"** немесе **"нетто-міндеттеме"** – сауда-саттыққа қатысушының Биржа алдындағы қандай да бір валютадағы (қазақстандық теңге немесе шетелдік валютада), оның Биржа өткізетін шетел валютасымен жасалатын сауда-саттыққа қатысушының нәтижесінде пайда болған және оның сол валютадағы Биржаға деген талаптары сомасына азайтылған міндеттемесі;
- 5) **"сауда-саттыққа қатысушының нетто-позициясы"** немесе **"нетто-позиция"** – сауда-саттыққа қатысушының нетто-міндеттемесі немесе нетто-талабы;
- 6) **"шетел валютасының нетто-сатып алушысы"** – сауда-саттық қорытындылары бойынша қазақстандық теңгеде нетто-міндеттемелері мен шетелдік валютадағы нетто-талаптары бар сауда-саттыққа қатысушысы;
- 7) **"шетел валютасының нетто-сатушысы"** – сауда-саттық қорытындылары бойынша шетелдік валютада нетто-міндеттемелері мен қазақстандық теңгедегі нетто-талаптары бар сауда-саттыққа қатысушысы;
- 8) **"сауда-саттыққа қатысушыларының нетто-талабы"** немесе **"нетто-талап"** – сауда-саттыққа қатысушының Биржа алдындағы қандай да бір валютадағы (қазақстандық теңге немесе шетелдік валютада), оның Биржа өткізетін шетел валютасымен жасалатын сауда-саттыққа қатысушының нәтижесінде пайда болған және оның сол валютадағы Биржаға деген міндеттері сомасына азайтылған талабы;
- 9) **"сауда-саттыққа қатысушының трейдері"** немесе **"трейдер"** – сауда-саттыққа қатысушысының атынан Биржа өткізетін сауда-саттықта шетел валютасымен мәмілелерді жасауға және сауда-саттыққа осындай қатысуына байланысты өзге әрекеттерді орындауға құқығы бар қызметкер;
- 10) **"сауда-саттыққа қатысушысы"** немесе **"қатысушы"** – Биржаның шетел валютасымен өткізетін сауда-саттығына қатысатын валюталық нарық мүшесі (банктік немесе банктік емес ұйым) *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2009 жылдың 27 тамызындағы шешімімен толықтырылған және Биржалық кеңестің 2009 жылдың 23 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*.

(Кіріспе Биржалық кеңестің 2003 жылдың 08 мамырындағы шешімімен өзгертілген).

I бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1 бап. Есептесу тәртібі

1. Биржаның шетел валютасымен өткізген сауда-саттық қорытындылары бойынша қазақстандық теңге мен шетел валютасындағы есептесулер осы баптың 1-1 тармағына сәйкес анықталатын сауда-саттыққа қатысушыларының нетто-позициясын төлеу үшін сауда-саттыққа қатысушылары мен Биржаның төлейтін төлемдері арқылы жүзеге асырылады *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2003 жылдың 08 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*.

- 1-1. Сауда-саттыққа қатысушының қандай да бір валютадағы (қазақстандық теңгедегі немесе шетелдік валютадағы) нетто-позициясын анықтау осы сауда-саттыққа қатысушының сол валютадағы Биржа алдындағы міндеттемелерінің және Биржаға қойған талаптарының өзара есепке алынуы (клиринг) жүзеге асырылады. Бұл ретте:
- 1) Өткізген сауда-саттық қорытындылары бойынша есептесуді жүзеге асырған Биржа бұл сауда-саттықты әртүрлі күндері өткізсе (мысалы, сауда-саттық өткізілген күндегі есептесу және сауда-саттықты өткізгеннен кейінгі келесі жұмыс күндегі есептесу), осы сауда-саттыққа қатысушысының міндеттемелері мен талаптарының өзара есепке алынуы (клиринг) тек бір күнде (есептесуді жүзеге асыру күні) жүзеге асырылады;
 - 2) Биржа бір күннің ішінде бірнеше сессияда сауда-саттық өткізген жағдайда, осы сауда-саттыққа қатысушының міндеттемелері мен талаптары бір күндегі барлық сессиялар нәтижелері бойынша өзара есепке алынады (клирингке);
 - 3) Биржа осы сауда-саттыққа қатысушының Биржа алдындағы міндеттемелерін орындалу мерзімі өтіп кеткен (Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес комиссиялық және басқа да алымдар мен өзге сомаларды төлеу бойынша) тиісті валютадағы оның Биржа алдындағы кез келген міндеттемелеріне арттыруға құқылы;
 - 4) нетто-позицияның тек қана оң бағасы болуы мүмкін.

(осы тармақша Биржалық кеңестің 2003 жылдың 08 мамырындағы шешімімен енгізілген).

2. Шетел валютасымен жасалатын сауда-саттық қорытындылары бойынша есептесуді жүзеге асыруға тиісті биржалық куәліктер негіз болады*(осы тармақша Биржалық кеңестің 2003 жылдың 08 мамырындағы шешімімен өзгертілген).*
3. Қазақстандық теңге мен шетел валютасындағы шетел валютасымен жасалған биржалық сауда-саттық қорытындылары бойынша есептесулер осы Ереженің 1 Қосымшадасында көрсетілген Биржаның корреспонденттік шоттары арқылы жүзеге асырылады *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2003 жылдың 08 мамырындағы шешімімен өзгертілген).*

2 бап.

Сауда-саттыққа қатысушысының банктік және корреспонденттік шоттары

4. Банк болып табылатын сауда-саттыққа қатысушысы өзінің нетто-міндеттемелерінің төлеміне Биржадан түсетін қазақстандық теңгені аудару үшін тек бір ғана банктік шотты қолдануға құқылы, сауда-саттыққа қатысушысы – банктік емес ұйым бір уақытта бірнеше банктік (клиенттік және жеке) шотты қолдануы мүмкін *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2009 жылдың 27 тамызындағы шешімімен өзгертілген).*
5. Биржамен есептесуді жүзеге асыру үшін сауда-саттыққа қатысушысы шетел валютасындағы өзінің корреспонденттік шоттарын дербес түрде анықтайды (осы тармақтың екінші тармағында ерекшеліктерді қоспағанда).
Биржамен қытай юанімен есептесулерді жүзеге асыру үшін сауда-саттыққа қатысушылар, Биржаның қытай юанімен корреспонденттік шоты ашылған, банкте ашқан, қытай юанімен корреспонденттік шотын ғана пайдалана алады.

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген).

6. Сауда-саттыққа қатысушысы осы Ережелердің 2 Қосымшасының нұсқасы бойынша өзінің банктік шотының деректемелерін және осы Ережелердің 3 Қосымшасының нұсқасы бойынша шетел валютасындағы өзінің

корреспонденттік шоттарының тізімін Биржаға ұсынуы тиіс *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2003 жылдың 08 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*.

Сауда-саттыққа қатысушысы – банктік емес ұйым өзінің нетто-міндеттемелерінің төлеміне Биржадан түсетін қазақстандық теңгені аудару үшін бірнеше банктік шотты қолданған кезде, осы Ережелердің 2а Қосымшасының нұсқасын ұсынады *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2009 жылдың 27 тамызындағы шешімімен енгізілген)*

7. Сауда-саттыққа қатысушысы өзінің банктік және корреспонденттік шоттары деректемелерінің өзгеруі немесе олардың жабылуы туралы Биржаға шұғыл түрде хабарлап отыруы тиіс.
8. Сауда-саттыққа қатысушысы өзінің банктік және корреспонденттік шоттары деректемелерін жалған көрсеткені және олардың деректемелерінің өзгеруі немесе жабылуы туралы Биржаға уақытында хабарламағаны үшін толық жауапкершілік артады.

3 бап. Тосын жағдайлар

9. Реттеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Ережелерде және Биржаның өзге де ішкі құжаттарында сипатталмаған жағдайларды Биржа Президенті немесе есептесуге жетекшілік ететін Вице-Президент шешеді.
10. Тосын жағдай бойынша шешім қабылдау қиынға соқса, Биржа Президенті немесе есептесуге жетекшілік ететін Вице-Президент осы жағдайдың шешімін Биржалық кеңестің талқылауына беруге құқылы *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2003 жылдың 08 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*.

4 бап. Үшінші жақтардың Биржа пайдасына төлемдерді төлеуіне тыйым салу

11. Өзгесін Биржалық кеңес белгілемесе, егер сауда-саттыққа қатысушының нетто-міндеттемелерін орындамауына әкеліп соқтырмаса, сауда-саттыққа қатысушысының Биржа алдындағы нетто-міндеттемелерін оның филиалдарына, еншілес ұйымдарына және кез келген өзге де үшінші жақтардың төлеуіне тыйым салынады *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2003 жылдың 08 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*.

II бап. САУДА-САТТЫҚҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ БИРЖА ПАЙДАСЫНА ТӨЛЕЙТІН ТӨЛЕМДЕРІ

5 бап. Сауда-саттыққа қатысушыларының қазақстандық теңгедегі төлемдері

12. Сауда-саттыққа қатысушысы өзі сатып алған шетел валюталары бойынша өзінің Биржа алдындағы нетто-міндеттемелерін төлеу үшін Биржаның корреспонденттік шотына қазақстандық теңгенің аударуын қамтамасыз етуі тиіс.
13. *(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2003 жылдың 08 мамырындағы шешімімен өзгертілген және Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен алып тасталды)*.

6 бап. Сауда-саттыққа қатысушыларының шетел валюталарындағы төлемдері

14. Сауда-саттыққа қатысушысы – шетел валютасының нетто-сатушысы осы Ережелердің 5 Қосымшасындағы нұсқа бойынша Биржаның корреспонденттік шотының қайсысына өзі сатқан шетел валютасы аударылатындығы турасында хабарландыру ұсынуы тиіс *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2003 жылдың 08 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*.

15. Хабарландыруға сауда-саттыққа қатысушының трейдері қол қояды және осы хабарландыру сауда-саттық күнінде Алматы уақытымен 16.00-ге дейін Биржаға ұсынылуы тиіс *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2006 жылдың 01 тамызындағы шешімімен өзгертілген)*.
Сауда-саттық күні Алматы уақытымен 16.00-ден кейін хабарламаларды ұсыну Биржа Президентінің немесе шетел валютасындағы есептесулерді жүзеге асыруға жетекшілік ететін Вице-Президенттің жазбаша рұқсатымен рұқсат етіледі *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2006 жылдың 01 тамызындағы шешімімен өзгертілген)*.
16. Хабарлама осы Ережелердің 15 тармағында көрсетілген мерзімде ұсынылмаса, бұрын ұсынылған хабарламалардың соңғысы күшіне енеді.
17. Осы Ережелердің 14, 15, 16 тармақтарындағы шарттарға сәйкес рәсімделген және ұсынылған хабарлама сауда-саттыққа қатысушысының сатқан шетел валютасын хабарламада көрсетілген Биржаның корреспонденттік шоттарына аудару бойынша сауда-саттыққа қатысушының біржақты міндеттемелері күшіне ие.
18. Хабарлама шарттарын бұзғаны үшін сауда-саттыққа қатысушысы сатылған шетел валютасын аудару мерзімін бұзғандай жауапты.

7 бап. Сауда-саттыққа қатысушыларының биржа пайдасына төлейтін төлемдерінің тәртібі

(Осы бап Биржалық кеңестің 2003 жылдың 08 мамырындағы шешімімен өзгертілген).

19. Сауда-саттыққа қатысушылары өздерінің нетто-міндеттемелерін төлеудегі төлемдерін:
 - 1) сатылатын шетелдік валютаны алдын ала аудару және/немесе сатып алынатын шетел валютасы үшін алдын ала төлеу тәртібінде жүзеге асырады. Бұл режим сауда-саттыққа қатысушының өзі сатып алған шетел валютасын төлеу үшін Биржаның корреспонденттік шоттарына сауда-саттық басталғанға дейін өзі сатып жатқан шетел валютасының және/немесе қазақстандық теңгенің аударылуын қамтамасыз етуі тиістілігін білдіреді *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*;
Бұл ретте, биржалық сауда-саттықтарға қатысу үшін Биржаның корреспонденттік есеп-шотына аударылған, шетел валюталарының және/немесе қазақстандық теңгенің сомаларына тең, Биржаның сауда-саттық жүйесінде шектелімдерді орнатуды Биржа сауда-саттық басталар алдында да, сауда-саттық сессиясы барысында да, Биржаның корреспонденттік есеп-шоттарына сауда-саттыққа қатысушыларынан шетел валютасының және/немесе қазақстандық теңгенің аударылуына қарай, жүзеге асырады *(бұл абзац Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен енгізілген)*;
 - 2) сатылатын шетелдік валютаны шұғыл аудару және/немесе сатып алынатын шетел валютасы үшін шұғыл төлеу тәртібінде жүзеге асырады. Бұл режим сауда-саттыққа қатысушының өзі сатып алған шетел валютасын төлеу үшін Биржаның корреспонденттік шоттарына осы Ережелердің 4 Қосымшасында көрсетілген уақыттан кешіктермей, есептесуді жүзеге асыру күні өзі сатып жатқан шетел валютасының және/немесе қазақстандық теңгенің аударылуын қамтамасыз етуі тиістілігін білдіреді;
 - 3) сатылатын шетел валютасын бақылаусыз аудару тәртібінде жүзеге асырады. Бұл режим сауда-саттыққа қатысушының өзі сатып алған шетел валютасын төлеу үшін Биржаның корреспонденттік шоттарына есептесуді жүзеге асыру күні барысында (Алматы уақыты) сатып жатқан шетел валютасының аударылуын қамтамасыз етуі тиістілігін

білдіреді *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*;

- 4) сатылатын валютаны аудару және/немесе сатып алынатын валютаның төлемін мерзімдік жеткізілімі тәртібінде, барлық шетел валюталары бойынша нетто-жайғасымдардың бір күндік жиынтық шектелімін орнатумен, жүзеге асырады. Бұл режимде төлемдерді жүзеге асыратын сауда-саттыққа қатысушысы биржалық сауда-саттыққа барлық шетел валюталарының нетто-жайғасымдарының белгіленген бір күндік жиынтық шектелімдері шегінде, осы тармақтың 2) тармақшасында аталмыш тәртіпте қатыса алатынын білдіреді. Шетел валютасын нетто-жайғасымдардың бір күндік жиынтық шектелімінен асыра сату және/немесе сатып алу қажет болған жағдайда, сауда-саттыққа қатысушысы нетто-жайғасымның белгіленген бір күндік жиынтық шектелімінен асқан шетел валютасының сомасын алдын ала жеткізілуін жүзеге асыруы тиіс *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен енгізілген)*.

20. Келесі ерекшеліктерді қоспағанда:

- 1) сатылатын шетел валютасының бақылаусыз аудару тәртібін қазақстандық теңгенің шетелдік валютаға бағамын реттеу органы ретінде Ұлттық Банк қана таңдауға құқылы;
- 2) сатылатын шетелдік валютаны мерзімді жеткізу тәртібін Биржа талабы бойынша сауда-саттыққа қатысушының Биржа алдындағы міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін оған тиесілі бағалы қағаздарды Биржа пайдасына оқшаулауды қарастыратын келісім-шарт ("Бағалы қағаздарды оқшаулау бойынша өзара қарым-қатынас туралы келісім-шарт") жасау міндеттемесі бар сауда-саттыққа қатысушысы таңдауы мүмкін *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2006 жылдың 01 тамызындағы және 2010 жылдың 28 мамырындағы шешімдерімен өзгертілген)*;
- 3) осы Ережелердің 21 және 36 тармақтарына сәйкес, осы сауда-саттыққа қатысушына қатысты Биржа Комитетінің немесе Басқармасының шешімімен оның өз нетто-міндеттемелерін төлеуге орай сатылатын және/немесе сатып алынатын шетел валютасына алдын ала төлеу міндеттілігі анықталса, сауда-саттыққа қатысушысы сатылатын және/немесе сатып алынатын шетелдік валютаны мерзімді жеткізілім тәртібін таңдай алмайды *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2009 жылдың 24 желтоқсанындағы және 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімдерімен өзгертілген)*;
- 4) егер Комитенттің шешімімен осы қатысушыға қатысты, осы Ережелердің 19 тармағының 4) тармақшасында сипатталған сатылатын және/немесе сатып алынатын шетел валютасын мерзімді жеткізілімі анықталып, барлық шетел валюталары бойынша нетто-жайғасымның жиынтық шектелімі белгіленген болса, сауда-саттыққа қатысушысы сатылатын және/немесе сатып алынатын шетел валютасының мерзімді жеткізілім тәртіптемесін таңдауға құқы жоқ *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен енгізілген және Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*;
- 5) қытай юані бойынша маркет-мейкер болып табылмайтын, қытай юанінің сауда-саттығына қатысушылары өз нетто міндеттемелерін төлеуге орай тек сатылатын қытай юанінің алдын ала жеткізілімі тәртібінде және сатып алынатын қытай юанінің алдын ала төлемі тәртіптемесінде ғана төлемдерді жүзеге асырады *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен енгізілген)*.

Сауда-саттыққа қатысушының нетто-жайғасымдарының бір күндік жиынтық шектелімінің көлемін, сондай-ақ өз нетто-міндеттемелерін орындау бойынша төлем жасайтын мерзімін Комитет белгілейді.

(Осы тармақша Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен енгізілген).

21. Комитет қандай да бір ұйымды валюталық нарықтың мүшелігіне (шетел валютасыен өткізілетін сауда-саттыққа қатысу құқығымен) қабылдау кезінде сауда-саттыққа қатысушысы атанған осы ұйымның өзінің нетто-міндеттемелерін төлеуді бастапқыда тек сатылатын шетелдік валютаны алдын ала аудару және/немесе сатып алынатын шетел валютасы үшін алдын ала төлеу тәртібінде жүзеге асыруын белгілеуге құқылы *(осы абзац Биржалық кеңестің 2009 жылдың 23 қарашасындағы және 2009 жылдың 24 желтоқсанындағы шешімдерімен өзгертілген).*

Осы ұйымның өз нетто-міндеттемелерінің төлемдерін тек қана сатылатын шетелдік валютаны алдын ала аудару және/немесе сатып алынатын шетел валютасы үшін алдын ала төлеу тәртібінде жүзеге асыруға міндетті мерзімін Комитет белгілейді. Комитет бұл мерзім аяқталғаннан кейін, осы мерзімді ұзартуға немесе бұл ұйымның нетто-міндеттемелерін төлеуі үшін сатылатын шетел валютасының кейіннен бақыланатын жеткізілімінің және/немесе сатып алынатын шетел валютасын төлеу тәртібін таңдау мүмкіндігін осы ұйымға ұсынуға құқылы *(осы абзац Биржалық кеңестің 2009 жылдың 24 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген).*

22. Сатылатын шетел валютасын шұғыл жеткізу және/немесе сатып алынатын шетел валютасының шұғыл төленуі тәртібін таңдаған сауда-саттыққа қатысушысы мұндай тәртіпке ауысу үшін осы Ережелердің 6 Қосымшасындағы нұсқа бойынша өтінішті рәсімдеуі тиіс.

- 22-1. Егер сауда-саттыққа қатысушысы өзінің нетто-міндеттемелерін төлеу үшін төлемдерді сатылатын шетел валютасын алдын ала аудару тәртібінде жүзеге асырса, онда сауда-саттық нәтижелері бойынша оның нетто-міндеттемелерінің мөлшері бұл сауда-саттық өткізілгенге дейін Биржаның осы қатысушыдан алған және Биржаның корреспонденттік шоттарында сақталған шетел валютасы сомасынан аспауы тиіс.

Егер сауда-саттыққа қатысушысы өзінің нетто-міндеттемелерін төлеу үшін төлемдерді сатып алынатын шетел валютасын алдын ала төлеу тәртібінде жүзеге асырса, онда сауда-саттық нәтижелері бойынша оның қазақстандық теңгедегі нетто-міндеттемелерінің мөлшері бұл сауда-саттық өткізілгенге дейін Биржаның осы қатысушыдан алған және Биржаның корреспонденттік шоттарында сақталған қазақстандық теңге сомасынан аспауы тиіс.

Өзінің нетто-міндеттемелерін төлеу үшін төлемдерді сатылатын шетел валютасын шұғыл немесе бақылаусыз аудару тәртібінде жүзеге асыратын сауда-саттыққа қатысушысы сауда-саттықта шетел валютасын оның сомасын шектеусіз сатуға құқылы.

Өзінің нетто-міндеттемелерін төлеу үшін төлемдерді сатып алынатын шетел валютасын шұғыл төлеу тәртібінде жүзеге асыратын сауда-саттыққа қатысушысы сауда-саттықта шетел валютасын оның сомасын шектеусіз

8 бап.

Нетто-міндеттемелерді орындамау салдары

23. Қатысушының нетто-міндеттемелерін орындамауы болып саналады:
- 1) осы сауда-саттыққа қатысушының Биржаның корреспонденттік шотына есептесулерді жүзеге асыру күні нетто-міндеттемесінің сомасын аудармауы немесе толықтау аудармауы;

- 2) осы сауда-саттыққа қатысушының нетто-міндеттемелерін төлеу үшін төлемдерді жүзеге асыру барысында Биржаның корреспонденттік шоты деректемелерінің бұзылуы;
- 3) егер осы сауда-саттыққа қатысушысы нетто-міндеттемелерін төлеу үшін төлемдерді сатылатын шетел валютасын шұғыл аудару және/немесе сатып алынатын шетел валютасын шұғыл төлеу тәртібінде жүзеге асырса, осы сауда-саттыққа қатысушының нетто-міндеттемесінің сомасын Биржаның корреспонденттік шотына есептесу күнінде, бірақ осы Ережелердің 4 Қосымшасында көрсетілген уақытынан кеш аударуы.

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2003 жылдың 08 мамырындағы шешімімен өзгертілген).

24. *(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2003 жылдың 08 мамырындағы шешімімен алынып тасталды).*
25. Сауда-саттыққа қатысушының жасаған мәмілелері бойынша Биржа алдындағы оның өз нетто-міндеттемелерін орындамауы Биржаның осы сауда-саттыққа қатысушының нетто-талаптарын орындамауына сөзсіз әрі жеткілікті негіз болып табылады.
- 25-1. Өз нетто-міндеттемелерін шетел валютасында төлеуді сатылатын шетел валютасын шұғыл аудару тәртібінде жүзеге асыратын сауда-саттыққа қатысушысы техникалық себептермен оның Биржаның корреспонденттік шотына аударылуын белгіленген мерзімде жүзеге асыра алмаған жағдайда, сауда-саттықтың мұндай қатысушысы Биржаға өз нетто-талаптарын орындаттыруы үшін Биржаның пайдасына өзінің нетто-міндеттері көлемінде мемлекеттік бағалы қағаздардың оқшаулануын жүзеге асыруы тиіс *(осы абзац Биржалық кеңестің 2003 жылдың 08 мамырындағы шешімімен өзгертілді және Биржалық кеңестің 2006 жылдың 01 тамызындағы шешімімен толықтырылды).*

(Осы тармақ Биржалық кеңестің валюталық нарық жөніндегі Комитетінің 1999 жылдың 19 желтоқсанындағы шешімімен енгізілді).

(Осы тармақтың екінші абзацы Биржалық кеңестің 2002 жылдың 09 қазанындағы шешімімен енгізілді және Биржалық кеңестің 2003 жылдың 08 мамырындағы шешімімен алынып тасталды).

Жоғарыда аталған техникалық себептер деп сауда-саттыққа қатысушыларының, олардың шетелдік банк-корреспонденттерінің, банкаралық есептесулердің шетелдік (халықаралық) орталықтарының төлем жүйелері жұмысындағы жаңылыстарды түсінеміз *(осы абзац Биржалық кеңестің 2006 жылдың 01 тамызындағы шешімімен енгізілді).*

Сауда-саттыққа қатысушысы белгіленген мерзімде Биржаның корреспонденттік шотына сатылатын шетел валютасының аударылуын жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтін (осы тармақтың төртінші абзацымен белгіленгенді қоспағанда) техникалық себептердің бар болуын жазбаша растауды Биржаға ұсыну жағдайында ғана Биржаның пайдасына бағалы қағаздардың оқшаулануын жүзеге асыруы мүмкін. Осы растауға Биржаға ұсынылған қол қою үлгілері мен мөр баспа-таңбалары бар корточкаларға сәйкес сауда-саттыққа қатысушысының атынан бірінші қол қою құқығына ие тұлға қол қояды *(осы абзац Биржалық кеңестің 2006 жылдың 01 тамызындағы шешімімен енгізілді).*

Сауда-саттыққа қатысушысы жоғарыда аталған техникалық себептерге жатпайтын техникалық проблемаларға тап болған жағдайда, сауда-саттыққа қатысушысы Биржа пайдасына мемлекеттік бағалы қағаздардың оқшаулануын тек Биржа Президентінің немесе шетел валютасындағы есептесулердің жүзеге асырылуына жетекшілік ететін Вице-Президенттің рұқсатымен ғана жүзеге асырады *(осы абзац Биржалық кеңестің 2006 жылдың 01 тамызындағы шешімімен енгізілді).*

- 25-2. Шетел валютасын жеткізу бойынша міндеттемелерді жабу ретінде оқшауланатын, мемлекеттік бағалы қағаздар, Биржалық кеңес бекіткен, әдістемеге сәйкес бағаланады *(осы тармақ Биржалық кеңестің валюталық нарық жөніндегі Комитетінің 1999 жылдың 19 желтоқсанындағы шешімімен енгізілді және Биржалық кеңестің 2006 жылдың 01 тамызындағы және 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімдерімен өзгертілді)*.
- 25-3. Шетел валютасын жеткізу бойынша өзінің нетто-міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Биржа шетел валютасын жеткізу бойынша міндеттемелерді жабу ретінде қабылданған мемлекеттік бағалы қағаздардың сатылымын жүзеге асырады. Бұл ретте, мемлекеттік бағалы қағаздардың сатылымы ағымдағы нарықтық бағам бойынша жүзеге асырылады, сауда-саттыққа қатысушысы тарапынан өзі әділ деп санайтын баға мен сатылым бағасы арасындағы мүмкін болатын айырмашылық бойынша наразылықты Биржа қабылдамайды *(осы тармақ Биржалық кеңестің валюталық нарық жөніндегі Комитетінің 1999 жылдың 19 желтоқсанындағы шешімімен енгізілді және Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.
- 25-4. Мемлекеттік бағалы қағаздарды сатудан түскен ақша сауда-саттыққа қатысушысының позицияларын мәжбүрлеп жою нәтижесінде оның міндеттемелерін жабу үшін жұмсалады *(осы тармақ Биржалық кеңестің валюталық нарық жөніндегі Комитетінің 1999 жылдың 19 желтоқсанындағы шешімімен енгізілді)*.
26. Сауда-саттыққа қатысушыларының бірі сатып алынған шетел валюталары бойынша өзінің нетто-міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Ұлттық Банк жасалған мәмілелер бағасымен мұндай шетел валютасын сатып алуға құқылы *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2008 жылдың 09 қазанындағы шешімімен өзгертілді)*.
27. Сауда-саттықтың өзге қатысушылары сатып алған, бірақ төлемі уақытында төленбеген шетел валютасын сатып алу мақұл болған жағдайда, Ұлттық Банк осы Ережелердің 4 қосымшасында белгіленген мерзімде өзінің келісімі жөніндегі жазбаша өтінішті Биржаға жолдауы тиіс *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2008 жылдың 09 қазанындағы шешімімен өзгертілді)*.
28. Ұлттық Банктің оған осы Ережелердің 26 тармағына сәйкес ұсынылған құқықты жүзеге асыруға орай шетел валютасының төлемін төлеу фактісі Ұлттық Банкке өзі төлеген шетел валютасын аударуға қажетті әрі жеткілікті негіз болады *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2008 жылдың 09 қазанындағы шешімімен өзгертілді)*.
29. Ұлттық Банк осы Ережелердің 26 тармағына сәйкес берілген құқығын жүзеге асырған кезде, сатып алған шетел валютасына төлемеген (уақытында немесе толық төлемеген) сауда-саттыққа қатысушына есептелетін тұрақсыздық төлемі, сауда-саттық өткізілген күні және одан кейінгі жақын арадағы барлық жұмыс істемейтін күндер санынан анықталып, есептеледі *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2008 жылдың 09 қазанындағы шешімімен өзгертілді)*.
30. Сауда-саттықтың бір немесе бірнеше қатысушысының нетто-міндеттемелерді орындамауы кезінде осы Ережелердің 26 тармағына сәйкес Ұлттық Банкке берілген құқығын пайдалануын немесе пайдаланбауын ескере отырып, Биржа нетто-талаптары уақытында орындалуы мүмкін емес сауда-саттыққа қатысушысына (қатысушыларына) күшіне енген міндеттемелер жайында дереу хабарлауы тиіс *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2008 жылдың 09 қазанындағы шешімімен өзгертілді)*.
31. Келесі сауда-саттыққа дейін өз нетто-міндеттемелерін орындағаман сауда-саттыққа қатысушысы оның өз нетто-міндеттемелерін орындағаманына қатысты мәселелердің шешілуіне дейін Биржа өткізетін сауда-саттыққа

- қатысудан шеттетіледі, ал жақын арадағы сауда-саттықтарда мұндай қатысушының нетто-позициясы мәжбүрлі түрде жойылады.
32. Нетто-талаптары орындалмаған сауда-саттыққа қатысушысы нетто-міндеттемелердің орындалмауына жол берген сауда-саттыққа қатысушысына нетто-міндеттемелерді тұрақсыздық төлемін төлеу немесе төлеусіз белгілі бір мерзімге кешіктіріп орындау мүмкіндігінің берілуіне жазбаша келісімді Биржаға ұсынған жағдайда, мәжбүрлеп жою жүзеге аспайды.
 33. Нетто-позицияны мәжбүрлеп жою келесі жолмен жүзеге асырылады: шетел валютасымен жасалатын биржалық сауда-саттық барысында Биржаның уәкілетті өкілі алдағы сауда-саттық бойынша өз нетто-міндеттемелерін орындамаған сауда-саттыққа қатысушысы атынан сауда-саттыққа қатысушысының қолда бар, бірақ қарама-қарсы бағыттағы нетто-позициясы көлемінде мәміле жасайды. Биржа нетто-позицияны мәжбүрлеп жоюды жүзеге асыру уақытын өз еркімен анықтайды, нетто-міндеттемелердің орындалмауына жол берген сауда-саттыққа қатысушысы тарапынан нетто-позицияны жоятын мәміленің (мәмілелердің) бағалық параметрлері бойынша кінәрат талаптарын Биржа қабылдамайды.
 34. Нетто-позицияны мәжбүрлеп жою бойынша мәміле мәмілені жасау сәтінде ең үздік деп танылған ұсыныстар бойынша жасалады. Өткен сауда-саттық бойынша екі және одан да көп әртүрлі қатысушының қарсы төленбеген нетто-позициялары бар болған жағдайда, ең алдымен мұндай нетто-позициялар осындай нетто-позицияларды қалыптастырған мәмілелерді жасау күні биржалық сауда-саттық қорытындылары бойынша белгіленген орташа сараланған бағам бойынша өзара есепке алынады.
 35. Нетто-позицияны қалыптастырған мәмілені жасау бағасы мен оны мәжбүрлеп жою бағасының арасындағы айырмашылықтан қалыптасқан бағамдық айырмашылық нетто-позицияларды мәжбүрлеп жою жүзеге асырылған сауда-саттық қорытындылары бойынша сауда-саттыққа қатысушысының не нетто-міндеттемелерін не нетто-талаптарын қалыптастырады.
 36. Өзінің нетто-міндеттемелерінің орындалмауына жол берген сауда-саттыққа қатысушысы Биржа Басшылығының шешімімен үш айға дейінгі мерзімде сатылатын шетел валютасын алдын ала аудару және сатып алынатын шетел валютасын алдын ала төлеу тәртібіне ауыстырылады *(осы абзац Биржалық кеңестің 2002 жылдың 09 қазанындағы және 2003 жылдың 08 мамыр шешімдерімен өзгертілді)*.
Аталған шешім қабылданғаннан кейін осы сауда-саттыққа қатысушысының өз нетто-міндеттемелерін төлеудегі төлемдерін жүзеге асыру режимі мәселесі Комитеттің қарауына ұсынылады. Комитет бұл шешімді болдырмауға, сондай-ақ сауда-саттыққа қатысушысының сатылатын шетел валютасын алдын ала аудару және сатып алынатын шетел валютасын алдын ала төлеу тәртібінде өз нетто-міндеттемелерін төлеудегі төлемдерін жүзеге асыруға міндетті мерзімін қысқартуға немесе ұзартуға құқылы *(осы абзац Биржалық кеңестің 2003 жылдың 08 мамырындағы шешімімен енгізілді және Биржалық кеңестің 2009 жылдың 24 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілді)*.
 37. *(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2002 жылдың 09 қазанындағы шешімімен алынып тасталды)*.
 38. *(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2002 жылдың 09 қазанындағы шешімімен алынып тасталды)*.

III бөлім. БИРЖАНЫҢ САУДА-САТТЫҚҚА ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ПАЙДАСЫНА ТӨЛЕЙТІН ТӨЛЕМДЕРІ

- 9 бап. Биржаның сауда-саттыққа қатысушыларының пайдасына төлейтін төлемдерінің орындалуы**
39. Сауда-саттыққа қатысушыларының пайдасына Биржаның төлейтін төлемдерінің сомасы осы сауда-саттыққа қатысушысының Биржа алдындағы төленбеген орындалу мерзімі өтіп кеткен нетто-міндеттемелерінің сомасына азайтылуы тиіс.
- 10 бап. Биржаның қазақстандық теңгедегі төлемдері**
40. Осы Ережелердің 4 Қосымшасында белгіленген мерзімде Биржа сауда-саттыққа қатысушыларының нетто-талаптарын төлеу үшін қазақстандық теңгені аударуға өкім береді *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2003 жылдың 08 мамырындағы шешімімен өзгертілді)*.
- 11 бап. Шетел валютасындағы Биржа төлемдері**
41. Сауда-саттыққа қатысушысы - шетел валютасын нетто-сатып алушы осы Ережелердің 7 Қосымшасындағы нұсқа бойынша сатып алған шетел валютасын өзінің корреспонденттік шотының қайсысына аудару керектігі туралы өкімді Биржаға ұсынуы тиіс *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2003 жылдың 08 мамырындағы шешімімен өзгертілді)*.
42. Өкімге сауда-саттыққа қатысушысының трейдері қол қояды және өкім Биржаға сауда-саттық өткізу күнінің Алматы уақытымен 16.00-ге дейін ұсынылуы тиіс *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2006 жылдың 01 тамызындағы шешімімен өзгертілді)*.
- Сауда-саттық өткізу күнінің Алматы уақытымен 16.00-ден кейін өкімдерді қабылдауға Биржа Президентінің немесе шетел валютасындағы есептесулерді жүзеге асыруға жетекшілік ететін Биржаның Вице-президентінің жазбаша рұқсатымен рұқсат етіледі *(осы абзац Биржалық кеңестің 2006 жылдың 01 тамызындағы шешімімен өзгертілді)*.
43. Өкімде көрсетілген корреспонденттік шоттар осы сауда-саттыққа қатысушысының қолданыстағы шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарының тізіміне енгізілген жағдайда ғана, осы өкім істегі болып табылады.
44. Осы Ережелердің 42 тармағында көрсетілген мерзімде өкімді ұсынбаған жағдайда немесе ұсынылған өкімнің осы Ережелердің 41 тармағындағы шарттарға сәйкес келмеуі жағдайында бұрындары ұсынылған өкімдердің соңғысы күшіне енеді.
45. Осы Ережелердің 41-43 тармақтарындағы шарттарға сәйкес рәсімделген және ұсынылған өкім сауда-саттыққа қатысушысының сатып алған шетел валютасын оның өкімде көрсеткен корреспонденттік шоттарына аудару талабын Биржа міндетті түрде орындауы тиіс.
46. Өкім шарттарын бұзғаны үшін Биржа сауда-саттыққа қатысушысының сатып алған шетел валютасын аудару мерзімін бұзғандағыдай жауапты.
47. Сауда-саттыққа қатысушылары – олардың нетто-сатып алушыларының өкіміне сәйкес, Биржа осы Ережелердің 4 Қосымшасында көрсетілген уақытқа дейін өз банк-корреспонденттеріне шетел валютасын аударуға өкімдерді (төлем тапсырмаларын) беруі тиіс.

Шетел валютасының сауда-саттық қорытындылары бойынша есептесуді жүзеге асыру Ережелерінің

1 қосымшасы

Биржаның корреспонденттік шоттарының

Т І З І М І

Валюта	Корреспонденттік шот
KZT	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Монетарлық операцияларды есептеу басқармасындағы (ҚШТҚБ) корреспонденттік шот № KZ86125KZT1001300137, БСК NBRK KZ KX, БСН 931240000220, СТН 600200049149, К6е 15
USD	Deutsche Bank Trust Company Americas, S.W.I.F.T. BKTR US 33, a/c 04400589
	The Bank of New York Mellon, S.W.I.F.T. IRVT US 3N, a/c 890-0260-637
	Citibank N.A., S.W.I.F.T. CITI US 33, a/c 36206385
EUR	Commerzbank AG, S.W.I.F.T. COBA DE FF, a/c 400 8870263 01EUR
	Citibank N.A., London, S.W.I.F.T. CITI GB 2L, a/c 10828785
RUB	"Сбербанк России" ашық акционерлік қоғамындағы № 30111810900000000300 корреспонденттік шот, S.W.I.F.T. SABR RU MM, БСК 044525225, ЖСН 7707083893, Мәскеу қ. бойынша РФ ОБ ББ № 1 бөлімшесіндегі 30101810400000000225 корреспонденттік шот
CNY	"Қазақстандағы Қытай банкі" Еншілес банкі" (ағылшын тіліндегі атауы – JSC AB "Bank of China Kazakhstan") акционерлік қоғамындағы № KZ879139895802010CNY корреспонденттік шоты, Алматы қ., S.W.I.F.T. BKCHKZKA

("KZT" жолы Биржалық кеңестің 2004 жылдың 10 науырызындағы шешімімен өзгертілді және толықтырылды, Биржалық кеңестің 2005 жылдың 19 науырызындағы, 2008 жылдың 09 қазанындағ, 2010 жылдың 29 сәуіріндегі шешімдерімен және 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімдерімен өзгертілді).

("USD" жолдар тобы Биржалық кеңестің 2002 жылдың 20 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілді және толықтырылды, Биржалық кеңестің 2008 жылдың 31 шілдедегі шешімімен толықтырылды).

("EUR" жолдар тобы Биржалық кеңестің 2003 жылдың 22 қазанындағы шешімімен өзгертілді, Биржалық кеңестің 2004 жылдың 06 ақпанындағы шешімімен толықтырылды).

("RUB" жолы Биржалық кеңестің 2004 жылдың 10 наурызындағы, және 2004 жылдың 04 тамызындағы шешімдерімен өзгертілді, Биржалық кеңестің 2008 жылдың 09 қазанындағы шешімімен толықтырылды және Биржалық кеңестің 2010 жылдың 23 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілді).

("CNY" жолы Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен енгізілді).

Президент

Қарасаев Д.Б.

Шетел валютасының сауда-саттық қорытындылары бойынша есептесуді жүзеге асыру Ережелерінің

2 қосымшасы

(Осы қосымша Биржалық кеңестің 2004 жылдың 10 наурызындағы шешімімен өзгертілді және толықтырылды, Биржалық кеңестің 2010 жылдың 29 сәуіріндегі шешімімен толықтырылды).

Банктік шот
Д Е Р Е К Т Е М Е Л Е Р І

(Осы тақырып Биржалық кеңестің 2006 жылдың 01 тамызындағы шешімімен өзгертілді).

Сауда-саттыққа қатысушысы:

Банктік шот нөмірі (ЖСК):

Алушының банкі:

БСК:

БСН:

СТТН:

Кбе:

Бірінші жетекші

Бас бухгалтер

М.О.

Қолтаңбалары тексерілді (биржаның өкілетті қызметкерінің жеке мөрі), күні

Шетел валютасының сауда-саттық қорытындылары бойынша есептесуді жүзеге асыру Ережелерінің

2а қосымшасы

(Осы қосымша Биржалық кеңестің 2009 жылдың 27 тамызындағы шешімімен енгізілді).

Ө К І М

"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Сауда-саттыққа қатысушысы

Біз сатқан шетел валютасын төлеуге арналған қазақстандық теңге біздің мынадай банктік деректемелерімізге аударылуы тиістілігін хабарлаймыз:

Банктік шот нөмірі	Сомасы

Осы өкім ___/___/___ бастап күшіне ие және, біздің тарапымыздан кеш ұсынылмағандықтан, қолданыста болады.

Сауда-саттыққа қатысушысы атынан: _____

Қолтаңбасы тексерілді (Биржаның өкілетті қызметкерінің жеке мөрі),
күні

Ескерту:

Қазақстандық теңге банктік шоттардың біреуіне ғана аударылған жағдайда, "Сомасы" жолын толтыру міндетті емес.

Шетел валютасының сауда-саттық қорытындылары бойынша есептесуді жүзеге асыру Ережелерінің

3 қосымшасы

Шетел валютасындағы корреспонденттік шоттардың

Т І З І М І

(Осы қосымша Биржалық кеңестің 2006 жылдың 01 тамызындағы шешімімен өзгертілді).

(баспа әріптерімен немесе баспа машинкасымен толтыруыңызды өтінеміз; жетпегенін қосып жазыңыз, керек емесін сызып тастаңыз)

Сауда-саттыққа қатысушысы (орыс және ағылшын тілдерінде)	Парақ				
	Бастап қолданыста				
	Бұрын берілгенге қосымша				
	Бұрын берілгеннің орнына				
Валюта	USD	EUR	RUB	CNY	

№№ р/н	Корреспондент-банк, оның мекен-жайы және деректемелері (S.W.I.F.T., CHIPS, EAF, БСК, РФ ОБ бөлімшесіндегі корреспонденттік шот, өзгесі)	Сауда-саттыққа қатысушысының кодтары (BIC, CHIPS UIC, өзгесі)	Сауда-саттыққа қатысушысының шот нөмірі

("Валюта" жолы Биржалық кеңестің 2004 жылдың 10 наурызындағы шешімімен өзгертілді және Биржалық кеңестің 07 ақпанындағы шешімімен толықтырылды).

Бірінші жетекші

Бас бухгалтер

М.О.

Қолтаңбалары тексерілді (Биржаның өкілетті қызметкерінің жеке мөрі), күні

Шетел валютасының сауда-саттық қорытындылары бойынша есептесуді жүзеге асыру Ережелерінің

4 қосымшасы

(Осы қосымша Биржалық кеңестің валюталық нарық бойынша Комитетінің 2000 жылдың 25 қаңтарындағы және Биржалық Кеңестің 2003 жылдың 08 мамырындағы шешімдерімен өзгертілді).

Шетел валютасымен жасалатын биржалық сауда-саттық нәтижелері бойынша төлемдер

РЕГЛАМЕНТІ

Валюта	Уақыттық шарттар
KZT	<p>Сауда-саттыққа қатысушысының Биржаның корреспонденттік шотына қазақстандық теңгені аударуының соңғы уақыты: есептесуді жүзеге асыру күнінің Алматы уақытымен 16.30 (қытай юані бойынша маркет-мейкерлер үшін – есептесу күннің Алматы уақытымен 12.00).</p> <p>Ұлттық Банкінің сауда-саттықтың өзге қатысушыларымен сатып алынған, бірақ төлемі төленбеген шетел валютасын төлеуге берілетін жазбаша келісімді ұсынудың соңғы уақыты: есептесуді жүзеге асыру күнінің Алматы уақытымен 17.00.</p> <p>Сауда-саттық қатысушыларына қазақстандық теңгені аударуға Биржа өкім беруінің ең соңғы уақыты (төлемдік тапсырмалары): есептесуді жүзеге асыру күнінің Алматы уақытымен 17.30.</p>
USD	<p>Сауда-саттыққа қатысушысының Биржаның корреспонденттік шотына шетел валютасын аударуының соңғы уақыты: есептесуді жүзеге асыру күнінің Алматы уақытымен 16.30.</p> <p>Биржаның сауда-саттыққа қатысушыларына шетел валютасын аударуына берілетін өкімдерді (төлем тапсырмаларын) берудің соңғы уақыты: есептесуді жүзеге асыру күнінің Алматы уақытымен 17.30.</p> <p>Мемлекеттік бағалы қағаздарды оқшаулау жағдайында Биржаның корреспонденттік шоттарына шетел валютасын аударудың соңғы уақыты: есептесуді жүзеге асыру күнінің Алматы уақытымен 24.00.</p>
EUR	<p>Сауда-саттыққа қатысушыларының Биржа корреспонденттік шоттарына шетел валютасын аударуының соңғы уақыты: есептесуді жүзеге асыру күнінің Алматы уақытымен 16.30</p> <p>Биржаның сауда-саттыққа қатысушыларына шетел валютасын аударуына берілетін өкімдерді (төлем тапсырмаларын) берудің соңғы уақыты: есептесуді жүзеге асыру күнінің Алматы уақытымен 17.30</p> <p>Мемлекеттік бағалы қағаздарды оқшаулау жағдайында Биржаның корреспонденттік шоттарына шетел валютасын аударудың соңғы уақыты: есептесуді жүзеге асыру күнінің Алматы уақытымен 21.00</p>

RUB Сауда-саттыққа қатысушыларының Биржа корреспонденттік шоттарына шетел валютасын аударуының соңғы уақыты: есептесуді жүзеге асыру күнінің Алматы уақытымен 16.30

Биржаның сауда-саттыққа қатысушыларына шетел валютасын аударуына берілетін өкімдерді (төлем тапсырмаларын) берудің соңғы уақыты: есептесуді жүзеге асыру күнінің Алматы уақытымен 17.30

Мемлекеттік бағалы қағаздарды оқшаулау жағдайында Биржаның корреспонденттік шоттарына шетел валютасын аударудың соңғы уақыты: есептесуді жүзеге асыру күнінің Алматы уақытымен 20.00.

CNY Биржаның корреспонденттік шотына қытай юані бойынша маркет-мейкердің шетел валютасын аударудың соңғы уақыты: есептесуді жүзеге асыру күнінің Алматы уақытымен 12.00.

Биржаның сауда-саттыққа қатысушыларына шетел валютасын аударуына берілетін өкімдерді (төлем тапсырмаларын) берудің соңғы уақыты: есептесуді жүзеге асыру күнінің Алматы уақытымен 14.00.

("USD" жолы Биржалық кеңестің 2006 жылдың 01 тамызындағы шешімімен өзгертілді).

("EUR" жолы Биржалық кеңестің 2006 жылдың 01 тамызындағы шешімі бойынша үшінші жолмен толықтырылды).

("RUB" жолдар тобы Биржалық кеңестің 2004 жылдың 10 науырызындағы шешімімен өзгертілді және Биржалық кеңестің 2006 жылдың 01 тамызындағы шешімі бойынша үшінші жолмен толықтырылып, Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілді).

("KZT" жолдар тобы Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен толықтырылды).

("CNY" жолдар тобы Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен енгізілді).

Шетел валютасының сауда-саттық қорытындылары бойынша есептесуді жүзеге асыру Ережелерінің

5 қосымшасы

ЕСКЕРТПЕ ХАТ

Сауда-саттыққа қатысушысы

Біз сатқан шетел валютасы Қазақстан қор биржасының келесі корреспонденттік шоттарына аударылатындығын хабарлаймыз (коды S.W.I.F.T. BIC – KICE KZ KX):

Валюта	Корреспонденттік шот (қанатша белгісімен белгіленген)	Сомасы
USD	<input type="checkbox"/> Deutsche Bank Trust Company Americas, S.W.I.F.T. BKTR US 33, a/c 04400589	.000
	<input type="checkbox"/> The Bank of New York Mellon, S.W.I.F.T. IRVT US 3N, a/c 890-0260-637	.000
	<input type="checkbox"/> Citibank N.A., S.W.I.F.T. CITI US 33, a/c 36206385	.000
EUR	<input type="checkbox"/> Commerzbank AG, S.W.I.F.T. COBA DE FF, a/c 400 8870263 01EUR	.000
	<input type="checkbox"/> Citibank N.A., London, S.W.I.F.T. CITI GB 2L, a/c 10828785	.000

("USD" жолдар тобына Биржалық кеңестің 2002 жылдың 20 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертулер мен толықтырулар енгізілді).

("EUR" жолдар тобындағы екінші жол Биржалық кеңестің 2003 жылдың 22 қазандағы шешімімен алынып тасталды).

("EUR" жолдар тобына екінші жол Биржалық кеңестің 2004 жылдың 06 ақпанындағы шешімімен қосылды).

("USD" жолдар тобындағы екінші жол Биржалық кеңестің 2008 жылдың 31 шілдесіндегі шешімімен толықтырылды).

Осы ескертеп хат ___/___/___ бастап күшіне ие және, біздің тарапымыздан кеш ұсынылмағандықтан, қолданыста болады.

Сауда-саттыққа қатысушысынан:

Қолтаңбасы тексерілді (Биржаның уәкілетті қызметкерінің жеке мөрі),
күні

Ескерту:

Сатылған шетел валютасы банктік шоттардың біреуіне ғана аударылған жағдайда, "Сомасы" жолын толтыру міндетті емес.

Шетел валютасының сауда-саттық қорытындылары бойынша есептесуді жүзеге асыру Ережелерінің

6 қосымшасы

(Осы қосымша Биржалық кеңестің 2003 жылдың 08 мамырындағы және 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімдерімен өзгертілді).

[фирмалық бланкіде]

"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Ө Т І Н І Ш

АҚШ доллары

евро

Ресей рублі

шетел валюталары бойынша шетел валюталарымен жасалатын сауда-саттық қорытындылары бойынша есептесулерді жүзеге асыру Ережелеріне сәйкес,

сатылатын шетел валютасын шұғыл аудару

сатып алынатын шетел валютасын шұғыл төлеу

тәртібінде Сіздердің тарапыңыздан шетел валютасымен өткізілетін сауда-саттық қорытындылары бойынша есептесуді жүзеге асыруға нием білдіреміз.

[лауазымы]

[қолтаңбасы]

[аты-жөні]¹

[лауазымы]

[қолтаңбасы]

[аты-жөні]²

М.О.

¹ Биржаға ұсынылған, қол және мөр баспа-таңбасының үлгісі бар карточкаға сәйкес сауда-саттыққа қатысушысының атынан бірінші қол қою құқығы бар тұлға лауазымының атауы, қолы және аты-жөні.

² Биржаға ұсынылған, қол және мөр баспа-таңбасының үлгісі бар карточкаға сәйкес сауда-саттыққа қатысушысының атынан екінші қол қою құқығы бар тұлға лауазымының атауы, қолы және аты-жөні.

Шетел валютасының сауда-саттық қорытындылары бойынша есептесуді жүзеге асыру Ережелерінің

7 қосымшасы

Қазақстан қор биржасына

Ө К І М

(баспа әріптерімен немесе баспа машинкасымен толтыруыңызды өтінеміз; жетпегенін қосып жазыңыз, керек емесін сызып тастаңыз)

Сауда-саттыққа қатысушысы

Біз сатып алған шетел валютасы келесі корреспондент-банктегі біздің корреспонденттік шоттарымызға аударылуы керектігін хабарлаймыз:

Валюта	Корреспондент-банк	Сомасы

Осы өкім ___/___/___ бастап күшіне ие және, біздің тарапымыздан кеш ұсынылмағандықтан, қолданыста болады.

Сауда-саттыққа қатысушысынан:

Қолтаңбасы тексерілді (Биржаның уәкілетті қызметкерінің жеке мөрі),
күні

Ескертулер:

- 1) "Корреспондент-банк" жолында тек корреспондент-банктің атауын көрсету қажет. Өзге деректемелер сауда-саттыққа қатысушы ұсынған Шетел валютасындағы корреспонденттік шоттардың қолданыстағы тізіміне сәйкес анықталады.
- 2) Сатып алынған шетел валютасы осы валюта бойынша корреспонденттік шоттардың біреуіне ғана аударылған жағдайда, "Сомасы" жолын толтыру міндетті емес.